

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

правами и обязанностями в согласии с законодательством Республики Казахстан. Для предоставления более точной информации, эта работа указала на необходимость улучшения внутреннего контроля за финансовой отчетностью деятельности «Казпочта». Также, я считаю, что государственный аудит дает возможность получать информацию о выполняемых видах деятельности акционерного общества «Казпочта», предоставляя полную картину об обязательствах данного общества.

Литература:

2. Онлайн студенческая библиотека «Форма акционерного общества на примере АО «Казпочта»: [Электронный ресурс]. URL: https://studbooks.net/927926/pravo/deyatelnost_kazpochta
3. Счетный комитет по контролю за исполнением республиканского бюджета. Государственный аудит эффективности управления активами АО «Казпочта»: [Электронный ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/documents/details/230763?lang=ru>
4. Устав АО «Казпочта»: [Электронный ресурс]. URL: <https://www.kazpost.kz/uploads/00ddc734585c4227823bd0a73fbae36.pdf>
5. Аудиторский отчет «КПИМГ» за 2018-2021 годы: [Электронный ресурс]. URL: https://kase.kz/files/emitters/POST/post_f6_2020_cons_rus.pdf
6. Информационные системы «Параграф»: [Электронный ресурс]. URL: https://online.zakon.kz/%20Document/?doc_id=31651087&pos=6;-44#pos=6;-44

“ҚАЗМҰНАЙГАЗ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕРІНІҢ АУДИТІ

Кайрат Жұлдыз

“Есеп және аудит” мамандығының 4 курс студенті
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: zhuldyz.kairat@bk.ru
Ғылыми жетекшісі: **Бекболсынова А.С.**
"Мемлекеттік аудит" кафедрасының аға оқытушысы

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы (ҚМГ) – Қазақстанның мұнай-газ саласында мемлекет мүдделерін білдіретін, көмірсутегілерді барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау жөніндегі қазақстандық оператор. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы Жарлығы негізінде «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясын және «Мұнай және газ тасымалдау» ұлттық компаниясын біріктіру жолымен құрылған.

Бүгінгі таңда «ҚазМұнайГаз» – Қазақстандағы жаңа әрі қарқынды дамып келе жатқан компаниялардың бірі. Ол ел экономикасының ең маңызды секторларының бірін қамтығандықтан ғана емес, өзінің сыртқы және ішкі сындарлы саясатының стратегиясы нәтижесінде өзін көрсете білді. Компания – тың ой-саналы және ең жаңа технологиялы деген мұнай саласының тәжірибесі мен дәстүрлінің жемісті қоспасының жарқын көрінісі.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығымен «Қазақойл» ҰМК» ЖАҚ және «Мұнай және газ тасымалда» ҰК ЖАҚ біріктіру арқылы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» ЖАҚ құрылды. 2004 жылдың 16 наурызында компания қайта тіркеліп, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы деп аталды. [2]

Кәсіпорынның ағымдағы активтері операциялық цикл ішінде бір жыл немесе одан да көп уақытқа сатылатын немесе тұтынылатын активтерге жатады, соның ішінде ақша қаражаттары,

түрлі депозиттер, қысқа мерзімді инвестициялар, дебиторлық берешек және алдын-ала төлем, тауарлық-материалдық қорлар және т.б. ағымдағы активтер кәсіпорынның өндірісі мен жұмысын қамтамасыз ету және кәсіпорынның қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті шарт болып табылады. Ағымдағы активтер бүкіл бизнес-процестің барлық аспектілерінде - шикізатты сатып алудан бастап өнімді түпкілікті сатуға дейін қажет. Алайда, егер ағымдағы активтерді бөлу орынсыз болса, мысалы, өндіріс пен пайдаланудың белгілі бір буынындағы артық ағымдағы активтер, бұл шығындар жүктемесін арттырады, корпоративті кірісті азайтады және тіпті шығынды операцияларға әкеледі; керісінше, егер ағымдағы активтер жеткіліксіз болса, Байланыс болады айналым капиталының жеткіліксіздігіне байланысты қалыпты жұмыс істей алмау, бұл сайып келгенде кәсіпорынның қалыпты жұмысына әсер етеді. Осылайша, кәсіпорынның ағымдағы активтерін ұтымды бөлу және басқару кәсіпорынның өмір сүруін және дамуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

1 Кесте.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дағы Қысқа мерзімді активтер

Қысқа мерзімді активтер	2019 Млн теңге	2020 Млн теңге	2021 Млн теңге	Өзгерісі 2020- 2019	Өзгерісі 2021- 2020	Өсіңкілік, % 2020- 2019	Өсіңкілік, % 2021- 2020
Тауар-материалдық қорлар	259497	228065	259497	-31432	31432	0.878873359	1.137820358
Өтелуге жататын ҚҚС	24845	106695	24845	81850	-81850	4.294425438	0.232860022
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	24900	70301	24900	45401	-45401	2.823333333	0.354191263
Сауда дебиторлық берешек	418255	422821	418255	4566	-4566	1.010916785	0.989201104
Қысқа мерзімді банк салымдары	510513	282472	510513	-228041	228041	0.553310102	1.807304795
Байланысты тараптарға берілген қарыздар мнн деторлық берешек	485765	27795	485765	-457970	457970	0.057219026	17.47670444
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	329503	57071	329503	-272432	272432	0.173203279	5.773562755
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер	76614	88821	76614	12207	-12207	1.159331193	0.862566285
Ақша қаражаты мен оның баламалары	975849	1145864	975849	170015	-170015	1.174222651	0.851627244

Сатуға арналған деп жіктелген активтер	795	46518	795	45723	-45723	58.51320755	0.017090159
Активтердің жиыны	3366033	2704488	3366033	-661545	661545	0.803464494	1.24461007
Ескертпе: кесте келесі мәліметтер негізінде жасалды [3],[4],[5]							

Осы кестеде «ҚазМұнайГаз» ҰҚ- АҚ ның қысқа мерзімді активтері көрсетілген, 2019 жылы активтердің жиыны 3366033 тенге болды , 2020 жылы активтердің жиыны 2704488 миллион тенге болды , ал 2021 жылы 2019 жылы мен бірдей 3366033 миллион тенге болды .

2020 жылы 2019 жылына сәйкесгенде 661545 миллион тенге ге төмендеді , оның басты себебі:

Тауар-материалдық қорлар 2020 жылы 2019 жылымен салыстырғанда 31432 миллион тенге ге, немесе 87,8 пайызға азайып отыр. Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері 2020 жылы 2019 жылымен салыстырғанда 272432 миллион тенге ге, немесе 17,3 пайызға азайып отыр. Байланысты тараптарға берілген қарыздар мен деторлық берешек азайды 2020 жылы 2019 жылымен салыстырғанда 457970 миллион тенге ге, немесе 5,7 пайызға азайып отыр. Қысқа мерзімді банк салымдары 2020 жылы 2019 жылымен салыстырғанда 282472 миллион тенге ге, немесе 55 пайызға азайып отыр.

2021 жылы 2020 жылына сәйкесгенде 31432 миллион тенге ге артты. оның басты себептері:

Тауар-материалдық қорлар 2021 жылы 2020 жылымен салыстырғанда 31432 миллион тенге ге, немесе 11,3 есе көбейіп отыр. Қысқа мерзімді банк салымдары 2021 жылы 2020 жылымен салыстырғанда 228041 миллион тенге ге, немесе 18 есе көбейіп отыр. Байланысты тараптарға берілген қарыздар мнн деторлық берешек 2021 жылы 2020 жылымен салыстырғанда 45797 миллион тенге ге, немесе 17,4 есе көбейіп отыр. Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері 2021 жылы 2020 жылымен салыстырғанда 272432 миллион тенге ге, немесе 57,7 есе көбейіп отыр.

Жалпы алғанда, «ҚазМұнайГаз» АҚ – ның қысқа мерзімді активтерінің өсу тенденциясы қалыптасқан. Активтер тауарлық – материалдық қорлардың, сауда дебиторлық берешектің өсуінен болып тұр.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 72.277 миллион теңге сомалағы тауар-материалдық қорлар кепілмен қамсыздандыру ретінде болды (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 47.863 миллион теңге).

2 Кесте.

«ҚазМұнайГаз» АҚ – ның тауарлық – материалдық активтерін талдау

№	Көрсеткішгер	2019	2020	2021	Өзгерісі, мың теңге		
		млн теңге	млн теңге	млн теңге	2019/2020	2020/2021	
1	Материалдар мен қорлар (өзіндік құны бойынша)	116 327	108 506	114 580	-7 821	6 074	
2	Мұнай өнімдері (өзіндік құнның ең азы және өткізудің таза құны)	53 974	56 712	89 725	2 738	33 013	
3	Шикі мұнай (өзіндік құны бойынша)	52 566	32 841	55 136	-19 725	22 295	
4	Газды қайта өңдеу өнімдері (өзіндік құны бойынша)	58 348	30 006	56	-28 342	-29 950	
5	Жиын	281 215	228 065	259 497	-53 150	31 432	
Ескертпе: кесте келесі мәліметтер негізінде жасалды [3],[4],[5]							

Ұйым 2021 жылдың аяғында 121 772 миллион теңге сомадағы тауар – материалдық қорлармен қамтамасыз етілді.

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл активтер бойынша пайыздар есептелмеді. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 155.998 миллион теңге сомалағы сауда дебиторлық берешек Топтың міндеттемелері бойынша кепілмен қамсыздандыру ретінде болды (2019 жылғы 31 желтоқсан: 71.296 миллион теңге).

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 259 459 миллион теңге сомадағы ақша қаражаты, есептелген сыйақыны қоса, The Export-Import Bank of China қарызын төлеу мақсаттары үшін резервтелді. 2021 жылғы қарашада резервтелген ақша қаражаты 2022 жылғы жылғы қаңтарда The Export-Import Bank of China қарызы бойынша негізгі борыш пен сыйақыны мерзімнен бұрын өтеу үшін пайдаланылды.

3 Кесте.

«ҚазМұнайГаз» АҚ – ның сауда дебиторлық берешек және басқа да қысқа мерзімді қаржы және қаржылық емес активтер

№	Көрсеткіштер	2019	2020	2021	Өзгерісі, мың теңге	
		млн теңге	млн теңге	млн теңге	2019/2020	2020/2021
1	Сауда дебиторлық берешек	430 125	455 321	445 500	25 196	-9 821
2	Минусы: КНЗ Резерві	-32 368	-32 500	-27 245	-132	5 255
3	Сауда дебиторлық берешек	397 757	422 821	418 255	25 064	-4 566
4	Басқа да ағымдағы қаржы активтері					
5	Басқа да дебиторлық берешек	91 610	90 904	102 699	-706	11 795
6	Алынатын дивидендтер	7 582	2 913	259 459	-4 669	256 546
7	Минусы: КНЗ Резерві	-35 637	-36 746	-39 030	-1 109	-2 284
8	Жиыны	63 555	57 071	329 503	-6 484	272 432
9	Басқа да ағымдағы қаржылық емес активтер					
10	Алдын ала төлем және болашақ шығындардың кезеңдері	138 822	45 497	38 149	-93 325	-7 348
11	ҚҚС - тан басқа, өтелуге жататын салықтар	52 642	35 003	32 090	-17 639	-2 913
12	Басқа	10 794	11 867	6 479	1 073	-5 388
13	Минусы: КНЗ Резерві	3 719	3 546	-104	-173	-3 650
14	Жиыны	198 539	88 821	76 614	-109 718	-12 207
15	Басқа да қаржы және қаржылық емес активтердің жиыны	262 094	145 892	406 117	-116 202	260 225

Ескертпе: кесте келесі мәліметтер негізінде жасалды [3],[4],[5]

Қорытындылайтын болсақ, ағымдағы активтер кәсіпорын мүлкінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Оларды пайдаланудың жай - күйі мен тиімділігі ұйымның табысты жұмысының басты шарттарының бірі болып табылады. Нарықтық қатынастардың дамуы оларды пайдаланудың жаңа шарттарын анықтайды. Жоғары инфляция, төлемдер және басқа да дағдарыстық құбылыстар кәсіпорындарды айналым қаражаттарына қатысты саясатын өзгертуге, толықтырудың жаңа көздерін іздеуге, оларды пайдалану тиімділігі мәселесін зерттеуге мәжбүр етеді. Аудит нәтижесінде ағымдағы активтердің жағдайын жақсарту бойынша келесі ұсынымдар берілді:

1. Қорлардың нақты болуын және оның есептік деректерден ауытқу тенденциясын анықтау мақсатында жоспардан тыс түгендеуді жиі жүргізу.

2. Ұйымның өз қызметін жүзеге асыру процесінде олардың сақталуын және пайдалану тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымның ағымдағы активтеріне нақты ұйымдастырылған тұрақты бақылау қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. <https://stud.kz/referat/show/37124>
2. «ҚазМұнайГаз» АҚ – ның ресми сайты: <https://www.kmg.kz/>
3. «ҚазМұнайГаз» АҚ – ның қаржылық есептілігі 2019 жыл: https://www.kmg.kz/uploads/reporting-and-financial-result/abc8121b26984afa/KMG%20ConsoFS_12m2019_KAZ.PDF
4. «ҚазМұнайГаз» АҚ – ның қаржылық есептілігі 2020 жыл: <https://ar2020.kmg.kz/pdf/ar/kz/financial-statements/notes.pdf>
5. «ҚазМұнайГаз» АҚ – ның қаржылық есептілігі 2021 жыл: <https://www.kmg.kz/uploads/reporting-and-financial-result/2021/31.12.2021%20%D0%9A%D0%9C%D0%93%20%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D1%81%D0%BE%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7%20final.pdf>

«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ АУДИТІ

Қалназар Мирас Ерғалиұлы

“Есеп және аудит” мамандығының 4 курс студенті

Л. Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ, Қазақстан Республикасы

Е - mail : m. m.kalnazar02@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Бекболсынова А.С.

“Мемлекеттік аудит” кафедрасының аға оқытушысы

«Тау –Кен Самұрық» акционерлік қоғамы тікелей интеграцияланған компания болып табылады және негізгі қызметі мен құрылу мақсаты :

- қатты пайдалы қазбаларды барлауды, игеруді, өндіруді, өңдеуді және өткізуді;
- қоғамға табысталған тау-металлургия саласы акциялар пакетін тиімді басқаруды;
- тау-металлургия өнеркәсібінде жаңа ғылымды және тиімді технологияларды қажетсінетін салаларды әзірлеу мен енгізуді;
- республиканың минералды шикізат базасын молайтуды,
- кен орындарының баланстан тыс запасын игеруді қамтамасыз ету мақсатында құрылған. [1]

Нарықтық экономикада қызмет етуші ұйымның қаржылық тұрақтылығы оның бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың маңызды факторларының бірі болып табылады. Басқаша айтқанда, ұйымның қаржылық жағдайының негізі оның тұрақтылығы болып табылады. Ұйымның жалпы қаржылық тұрақтылығы, ол ең алдымен әрдайым табыстың шығыннан артуын қамтамасыз ететін ақша ағымының қозғалысын көрсетеді.[2]

«Тау–Кен Самұрық» акционерлік қоғамының қаржылық тұрақтылығын есептеу кәсіпорынның қызметінің көрсеткіштерін көрсетеді.